

ДӘРІСТІҢ ТАҚЫРЫБЫ

*Жаңа дәуір философиясындағы
сенсуалистік және рационалистік таным
теорияларыны әлеуметтік-философиялық негіздері
ретінде*

ДӘРІСТІҢ МАҚСАТЫ:

Классикалық жаңаеуропалық философиялық ойының дамуының өзіндік сипатымен, таныс туралы іліммен таныс болу;

МАЗМҰНЫ:

Ф. Бэконның танымдағы объекті, субъекті және экспериментальды тәжірибенің бірлігінің қажеттілігі туралы тұжырымдамасы.

Р.Декарт шығармашылығындағы таным мәселесі. Күдіктенуқағидасы. Спиноза мен Лейбництің таным туралы ілімдері.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Жаңа Заман философиясы, деп XVII, XVIII және XIX ғасырларды қамтитын дәуір. Шартты түрде – жаңа тарихтың басы деп 1640 жылғы ағылшын буржуазиялық революциясын – капиталистік немесе буржуазиялық қатынастардың, индустриалды өркеніеттің бастауы болған құбылысты алады. Үш ғасыр бұрын адамзат ежелгі дүниемен қоштасып (антика және орта ғасырлар), «адам – ғаламдағы ең мінсіз тіршілік иесі, эволюцияның тәжі, демек – дүниенің қожасы» деп сенген жаңа рухани пікірді бекіткен философия болды.

XVII ғасырдан бастап жаратылыстану ғылымдары қауырт дамыды, сондықтан философияның ғылыми жаратылыстық алғышарттары қалыптасып, философия схоластикалық ойлаудан діннен толығымен арылды, ақылыдың құдіретілігі мен ғылыми зертеулердің шексіз мүмкіндіктері туралы айтқан ілімдер қалыптасты.

Жаңа заман философиясына жаратыластанудың тәжірбесінен туындаған материалистік тенденция тән.

XVII ғасыр Еуропаның философиясының ірі өкілдері Ф. Бэкон, Т. Гоббс и Дж. Локк (Англия); Р. Декарт (Франция), Б. Спиноза (Голландия), Г. Лейбниц (Германия).

Оларға тән ортақ сипат ортағасырлық рухани мұраларға сыни көзқарас, философияның рөлі мен маңызын қайта қарау, схоластикалық ойлаудағы суеверияға қарсы шығу болды.

Философия практикалық сипатқа ие болып, адамзат тағдырына нақты ықпал етуіне байланысты өмірлік қолданыс тапты.

Жаңа заман философтарының қарастырған мәселелері мына төмендегілер:

- танымның жаңа әдістерін жасау;
- онтология мәселелері;
- болмыс мәселесі субъекцияны қарастыруда көрінді;
- әлеуметтік өмір мәселелері. XVII ғасыр философиясы гуманистік идеалдар мен құндылықтырды саналы түрде қорғады, әсіресе ақыл мен бостандық принциптерін талдауға ерекше мән берді.

Онтологиялық рационализм бойынша болмыс негізінде ақылды бастама жатыр, яғни болмыс о бастан ақылды.

Осынысымен рационализм - идеализмге ұқсап кеткенімен (мысалы, Платонның «таза идеялары»), басты айырмашылығы материяның (болмысты) идеяға карағандағы біріншілігін және материяның (болмыстың) өзінде ақыл барын (болуын) мойындауында. Сондықтан, болмыстың қисындылығы мен ақылды ұйымдастырылғандығына сенетін материалистер (Демокрит, Эпикур, т.б.) - рационалистер.

Гносеологиялық рационализмнің басты идеясы - «дүниені танып білетін бірден-бір құрал — адам ақыл-ойы» деген тұжырымда. Сондықтан гносеологиялық рационалистер бір жағынан ортағасырлық теология мен схоластикаға қарсы шықса, екінші жағынан эмпиристерге оппонент болды. «Білім-күш» девизін ұстанатын эмпиристер таным негізінде сезімдік тәжірибе жатыр деп сенді ("Сезімде болмаған нәрсе - ақылда болуы мүмкін емес").



ТАҢЫМ

ТАНЫМ

– адам санасының дамытудың негізі және ол арқылы адам өзін қоршаған ортаның игеруге де үйренеді.

– объективті шындықтың адамның ойында бейнелейтін және қайта жаңғыртағын қоғамдық іс-әрекет барысы

– философиялық ұғым, “айналадағы материалдық шындықты адам санасында бенеленуі”

Таным теориясы мәселелері

"Таным" деген не?", "Білімді қалай алуға болады?" деген мәселелер төңірегінде ойлана отырып, адам сонау ежелгі заманда-ақ өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінген. Уақыт өте келе бұл мәселені саналы қойылуы және оны шешуге тырысуы салыстырмалы тәртіпті пішін алып, сол кезде білім туралы ілім қалыптасты.

Гносеология — айналадағы әлемді тану туралы философиялық ғылым. Таным теориясы немесе гносеология (грекше gnosis — білім, таным) — философиямен бірге, оның іргелі бөлімдерінің бірі ретінде пайда болды және қалыптасты. Ол адам танымының сипатын, білімінің формаларын, оның жадағай түрінен тереңіне бойлау әдістерін зерттейді

Таным субъектісі деп белгілі бір мақсатқа бағытталған танымдық қызметті атқарушыны айтамыз. Ол — бірдеңені танып, білуге тырысушы. Ол адам немесе тұтастай қоғам болуы мүмкін. Таным объектісі деп танымдық қызмет бағытталған нәрсені айтамыз. Демек, ол танылушы, былайша айтқанда, кітап, молекула, атом, адам немесе тұтастай табиғат болуы мүмкін.

Рене Декарт. (1596-1650).



Рационализмнің негізін қалаушы
Француз философы, ғалым-математик.
Негізгі еңбектері: диоптрика, “Метеорлар”
“Философияның бастаулары”

Декарттың философиядағы үлесі:

1. Дүниені танудағы ақыл-ойдың рөлін негіздеді,
2. Субстанция, модустар туралы ілімді ұсынды;
3. Дуализм теориясын негіздеді;
4. Танымның ғылыми әдісі мен туа біткен идеялар Теориясын ұсынды.

Декарттың таным туралы ілімі

Декарт пікірі бойынша, дедукция әдісі арқылы танымның барлық салаларында шын білімге қол жеткізуге болады. Декарт туа біткен идеялар теориясын ұсынды: таным және дедукция арқылы алынатын біліммен қатар, ешбір дәлелді қажет етпейтін ерекше, туа біткен идеялар болады. Ол ақиқаттар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын білімдер:

1. Ұғымдар
2. Пікірлер түрінде беріледі.

Туа біткен ұғымдар:

- 1.Құдай
- 2.Сан
- 3.Ерік
- 4.Тән мен жан
- 5.құрылым

Туа біткен пікірлер:

- 1.Бүтін өз бөлшектерінен үлкен;
- 2.Жоқтан ештеңе пайда болмайды;
- 3.Бір мезгілде болу және болмау мүмкін емес.

**ҚОРЫТЫНДЫ: ДЕКАРТ ПРАКТИКАЛЫҚ
ТАНЫМДЫ ЖАҚТАДЫ.ОНЫҢ ОЙЫНША
ТАНЫМ МАҚСАТТАРЫ МЫНАДАЙ:**

- 1.АДАМНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТА ТУРАЛЫ
БІЛІМІН КЕҢЕЙТУ;**
- 2.АДАМДЫ ЖЕТІЛДІРУ;**
- 3.АДАМНЫҢ ТАБИҒАТҚА ҮСТЕМДІГІН
ПАЙДАЛАНУ**

Күдіктену қағидасы

Өзінің философиясының мықты негіздерін жасау үшін Декарт “бәріне де күмәндану керек” деген шешімге келеді. Өзінің шашынан ұстап өзін судан шығарған Мюнхаузен сияқты, Декарт бұл тұңғыықтан шығаратын сол баяғы күмәндану дейді. Себебі барлығына күмәнданғанмен, сол сәтте күмәнданып отырғаныңа күмәндана алмайсың. Онда мынадай тұжырымға келуге болады: “Ойлаймын, олай болса, өмір сүремін”. Бұл тұжырымнан шығатын қағида: Адам, негізінен алғанда, -ойлай аламын пенде.


АДАМНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ ДЕКАРТТЫҢ ОЙЫНША ҮШ ИДЕЯЛАР ТОБЫНАН ТҰРАДЫ:



Сырттан қабылданатын сезімдік мүшелерге өзінің әсерін тигізетін идеялар. Мысалы, күн идеясы, ол адамның санасында бар.



Адамның ақыл-ойындағы идеялар.



Бізбен туа біткен идеялар. Оған адам интеллектуалдық интуиция арқылы жетеді

Фрэнсис Бэкон (1564-1626).



- Ф.Бэкон (1561-1626ж.ж.)** — Кембридж университетін тәмамдап, Парижде ағылшын елшілігінде тұрады. Материалист. Еңбектері: «Ғылымдардың байсалдылығы мен дамуы», «Жаңа органон».
- Бэконның шығармашылығының ерекшелігі-ол білімнің өмірге деген қажеттілігінен пайда болатындығын асыра көрсетуі

Бэконның таным мәселелері

Фр.Бэкон “танымның басты әдісі индукция болуға тиіс” деген новатарлық идея ұсынған. Индукция-көптегенжеке құбылыстарды жалпылау кезіндежалпы қорытындылар жасау;

Танымның басты әдісі-индукция деп көрсеткен философ таным әрекеті іске асатын нақты жолдарды көрсетеді:

- Өрмекші жолы
- Құмырсқа жолы
- Ара жолы

1.Өрмекші жолы- “таза ақылдан” рационалистік жолмен алынатын білім.

Бұл жол нақты фактілердің, практикалық тәжірибенің мәнін төмендетеді

Немесе ескермейді. рационалистер, Бэкон пікірінше, шын дүниеден қол үзіп

Догматизмге салынады, “ой өрнегін өз ойларынан тоқиды”.

2.Құмырсқа жолы-тек қана тәжірибеге сүйеніп білім алу жолы немесе догматтық

эмпиризм. Бұл әдісте біржақты. Таза эмпириктер өз назарын практикалық тәжірибеге, Түрлі фактіні, дәлелді жинауға аударып, білімнің сыртқы көрінісін қиғашынан ғана көріп, мәселені ішінен көре алмайды

3.Ара жолы-танымның ең дұрыс жолы. Ара жолын

Ұстана отырып, фактілерді жинап, ақылды

Қолданып мәселенің ішіне үңілу.

Таным жолындағы кедергілер:

. Тектік елестер-дүниені тануда таным табиғаты мен өз табиғатын алмастырудан туатын, адамның туа біткен адасушылықтары;

Театр елестері-көп жағдайда ескі философия танымды дұрыс бағыттан кері бұрып, жаңа мүмкіндіктерге кедергі жасайды


Базар елестері-жүре пайда болған адасушылық. Тілдегі, ұғымдық аппараттағы сөздерді дұрыс қолданбаудан туатын адасушылық.

Үңгір елесі-нақты адамның тұлғасының таным процесіне әсерінәтижесінде адамның бұған дейінгі наным-сенімдері таным нәтижесінде көрініс беретіндігі

Бенедикт Спиноза (1632—1677 жж.) – нидерланд философы.

Негізгі еңбектері: «Діни-саяси толғау», «Декарт философиясының қағидалары», «Этика», т.б.

Спинозаның ілімі бойынша, барлық материалдық денелер мен құбылыстарды біріктіретін ұғым ол — субстанция (түпнегіз). Құдай, табиғат, әлем, түпнегіз біртектес, бір реттегі түсініктер, синонимдер. Түпнегізге сансыз көп атрибуттар (ең басты қасиеттер) тән. Солардың ішіндегі ең маңыздылары кеңістікте көсілу мен ойлау.



Спинозаның таным туралы ілімі

Таным мәселелеріне келгенде, Спинозаны рационализм бағытына жатқызамыз. Ол әрқашанда сезімдік танымды ой елегінен өткізген білімнен айыру керек екендігін айтқан. Сезімдік таным әрқашанда бұлдыр, көмескі.

Сезімдік танымның бұлдырлығы ол тек қана сыртқы затты көрсетіп қоймай, сонымен қатар, оны өзінің денесіндегі өзгерістермен байланыстырады. Сезімдік танымды жалған деп есептеуге болмайды, олардың қайсыбірінде болсын аз да болса ақиқат бар.

“күнбе-күнгі өмірден алатын сезімдік таным-қалың бұқараның негізгі тәжірибесі, соның арқасында олар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, өмір сүріп жатады. Ақыл-ой арқылы алынатын білімнің шындығын біз оқтын-оқтын тәжірибе арқылы тексеріп отыруымыз қажет”, - деп қорытады Б. Спиноза

Спинозаның ілімі бойышша, тек денелер ғана модустар емес, сонымен бірге идеялар да – модустар. Олай болса адамдар өз мүмкіндіктерін, және табиғаттың заңдылықтарын, сырын неғұрлым көбірек білсе, соғұрлым ол өзі үшін әдептілік қағидаларын белгілеп, пайдасыз іс-әрекеттерден аулақ болып, құдайдың мәнін түсінуге жақындар еді. Ал құдайды жақсырақ түсінген сайын, оны көбірек сүйеміз. Осындай құдайға деген сүйіспеншілік — біздің игілігіміз. Адамдар өзін туғаннан еріктімін деп есептейді, шындығында олар ерікті емес. Өйткені, олардың іс-әрекеттері себептілікке бағынады. Бұл заңдылықты білмегеннен кейін, олар өздерін еріктіміз деп ойлайды.

Жалпы алғанда, таным процесі үш сатыдан тұрады: біріншісі — сезімдік таным. Бұл сатыда біз шынайы білім ала алмаймыз, себебі түйсіктер арқылы алған ақпараттар көп жағдайларда көңіл-күйге байланысты болады; екіншісі — рационалдық таным, басқаша айтқанда ақыл-ой арқылы таным. Танымның бұл сатысында да біз ақиқатқа жете алмаймыз; үшіншісі – интуиция, немесе заттар мен құбылыстардың мәнін іштей түсіну. Бұл сатыда заттардың мәнін түсініп-білу арқылы, олардың түпнегізін (құдайды) білуге мүмкіндік аламыз.

Бірақ Спинозаның пікірінше, дін халықты уыстан шығармай ұстап тұру және қоғамда тәртіп орнату үшін қажет.

Готфрид Вильгельм Лейбниц (1642—1716 жж.) немістің көрнекті физигі, математигі, тарихшысы және философы. Негізгі еңбектері: «Адамның ақыл-ойы туралы жаңа тәжірибелері», «Мондология», т.б.

Лейбництің ілімі бойынша, құдай өзінің ішкі даму заңдылығына сәйкес түпнегіздерді (субстанция) дүниеге келтірді. Ал барлық мәнділіктердің, соның ішінде материяның да түпнегізі — ұсақ денелі, шамалы болса да саналы монадалар. Олар табиғаттың нағыз атомдары. Монаданың негізгі қасиеттері: 1) барлық мәнділіктің түпнегізі ретінде ол қарапайым және бөлінбейді; 2) олардың өз алдына бөлек және әрекетшіл мүмкіндігі бар.

Монадалар кеңістікке көсілмейді.



Лейбниц философиясы

1. Лейбниц – Жаңа Заман философиялық дәстүрін аяқтаушы;
2. Лейбниц – монадологиясы субстанциялардың көптігі туралы теория;
3. Лейбниц гносеологиялық (таным туралы ілім) – рационализм мен эмпиризмді келісімге келтірудің талпынасы.

Лейбниц философиядағы рационалистік бағытты жақтады. Оның философиялық зерттеулерінің негізгі мәселелері:

1. Субстанция;
2. Таным.

Лейбниц Декарт пен Спинозаның субстанция туралы теорияларын зерттей келіп олардың жетілмегендігі туралы қорытындыға келді:

Лейбниц Декарттың дуализмін қабылдамады:

1. Біріншіден, барлық субстанциялардың (өз тіршілігі үшін өзінен басқаны қажет етпейтін) жоғары субстанция – Құдайға және ол жаратқан өзара тәуелсіз субстанцияларға;
2. Екіншіден, жаратылған субстанциялардың дәйекті және рухани (ойлайтын) болып бөлінуі.



